

«БЕКІТЕМІН»

**Амбулаториялық -емханалық
қызметі бар Жаңақорған аудандық
орталық ауруханасы бас дәрігері
С.Ысқақов _____**

« » қаңтар 2018 жыл.

**Амбулаториялық емханалық қызметі бар Жаңақорған
аудандық орталық ауруханасының 2016-2019 жылдарға
арналған стратегиялық жоспары.**

I Миссия және мақсаты:

Міндеті: «Уақытылы, сапалы және қауіпсіз медициналық көмекті жеткілікті көлемде көрсету»

Мақсаты: Тұрғандардың сұранысына сай, тиімді әрі қол жетімді алғашқы медико-санитарлық, стационарлық көмек көрсету арқылы олардың денсаулығын сақтау.

II Ағымдағы жағдайға талдау

«Мәңгілік Ел» болу жолындағы кемел келешегімізді қалыптастыруда еліміздің барлық салалары бойынша әлемдегі дамыған мемлекеттердің озық технология үлгілері қолданысқа енгізіліп жұмыстар жүргізілуде. Халық денсаулығын нығайту - мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында іске асырылып жатқан салалық бағдарламалар осының айғағы. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасынан туындайтын міндеттерді іске асыру мақсатында және «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам» стратегиясы мен 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасындағы мақсатты индикаторлар мен негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында аудандағы емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары ұйымдастырылуда. Тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыру бағытында денсаулық сақтау саласы бойынша бекітілген Жол карталары аясында жұмыстар жүргізілуде.

73452 аудан халқына 1 аудандық орталық аурухана, 6 ауылдық аурухана, 1 аудандық емхана, 1 туберкулезге қарсы диспансер, 17 дәрігерлік амбулатория, 8 фельдшерлік-акушерлік пункт, 10 медициналық пункт медициналық қызмет көрсетті.

Тіркелген халық саны

Аудандық ауруханаға тіркелген халық саны 73439, оның ересектері 42776, жасөспірімдер саны 3242, балалар саны 27421, туу жасындағы әйелдер саны 15435. 2017 жылы жалпы тәжірибелі дәрігерге бекітілген тұрғындардың жүктемесін азайту мақсатында қосымша 3 аймақ ашылып 41 ден 44 жалпы тәжірибелі аймақ болып құрылды. Қазіргі таңда 1 жалпы тәжірибелі дәрігердің жүктемесі орташа есеппен алғанда 1807-ден 1669 тұрғынға азайтылды. Алдағы уақытта осы жүктемені 1550-ге дейін азайту мақсатында қосымша жалпы тәжірибелі дәрігерлік аймақтар ашу жоспарлануда.

Кадрлар туралы мәлімет

Аудандағы емдеу және алдын алу ұйымдарында **160** жоғары білімді дәрігер жұмыс жасайды, 10 мың тұрғынға шаққанда дәрігермен қамтылу деңгейі 21.7. Оның ішінде 53/33.1 пайыз дәрігерлердің біліктілік санаттары бар, жоғарғы санаттысы 19/37.2 пайыз, I санаттысы 20/37.7 пайыз, II санаттылары 14/26.4 пайыз.

Аудан бойынша 714 орта буынды медицина қызметкерлері жұмыс жасауда, 10 мың тұрғынға шаққанда қамтылу деңгейі 97.2. Орта буын медицина қызметкерлерінің 150-де немесе 21.3 пайызында біліктілік санаттары бар. Жоғарғы санаттылары 79/53.0 пайыз, I санаттылары 51/34.1 пайыз, II санаттылары 20/13.7 пайыз.

Емдеу және алдын алу ұйымдарындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттырудың 2016-2018 жылдарға арналған перспективалық жоспарына сәйкес 2017 жылы 74 дәрігер, 236 орта буын медицина қызметкерлері балалар хирургиясы, жалпы тәжірибелі дәрігер, реаниматолог, токсикология, фтизиатрия, нейрохирургия, гастроэнтерология, гериатрия мамандықтары бойынша білімдерін жетілдірді.

Материалдық техникалық база

2017 жылы Жаңақорған ауданы денсаулық сақтау саласының бюджеті 2148965,2 мың теңгеге жетті, оның ішінде республикалық бюджеттен 1959206,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 189759,0 мың теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ жан басына шаққандағы үстемелеуші компонентке 2015 жылы **105333,793** мың бөлінсе, 2016 жылы 93 429,0 мың, 2017 жылы 96 787,346 мың бөлінді және бөлінген қаржылар мақсатты негізде толығымен игерілді. БМСК-ні жетілдіру жөніндегі Жол картасына сәйкес материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында 2015-2017 жылдар аралығында тәулік бойында науқастың артериалды қысымын өлшейтін (СМАД) және 6 адамға арналған Холтермониторинг, Хофман аппараты, Автоматтандырылған бесконтактный тонометр, Аудиометриялық кабина, Көз ауруларын тексеретін УЗИ аппараты, жоғары сезімталдығы бар тропонинді анықтайтын аппарат, операцияға арналған травматологиялық стол мен құрал-жабдықтардың жинағы, тредмил тест, электрокоагулятор, уретроскоп, цистоуретроскоп, эндоскопияға арналған монитор, реанимация бөліміне кислородты концентратор мен КИДС аппараттары, компьютерлік жиынтықтар және 1 дана Реанимобиль ИВЕКО жедел-жәрдем автокөлігі, 1 дана Желілік ИВЕКО жедел жәрдем автокөлігі, 8 дана санитарлық уаз автокөліктері сатып алынды.

«100 нақты қадам» -Ұлт жоспары мен «Жол картасы -2020», сондай-ақ 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2016 жылы Түгіскен, Сүттіқұдық, Сунақата елді мекендерінде дәрігерлік амбулатория, 2017 жылы Еңбек, Аққұм, Көктөбе елді мекендерінде медициналық бекеттер, кент орталығындағы ауысымына 250 науқасты қабылдауға арналған типтік жобадағы жаңа емхана ғимараты халықтың игілігіне пайдалануға берілді.

Науқастардың дәрігерлерге көріну жағдайлары.

Амбулаториялық қызмет бойынша барлық дәрігерлік қабылдау **299 809**, яғни 1 тұрғынға шаққанда 4.0 көрсеткішті құрады, 2016 жылы бұл көрсеткіш 289 771 немесе 3.9. Былтырғы жылмен салыстырғанда 0.1-ге жоғарылаған. Ауданда тіркелген жалпы сырқатшылдық саны 73 977/1007.1 (2016 жылы 74 537/1006.0) болса, аурушаңдық 52613/716.2 (2016 жылы 55345/746.9). Былтырғы жылмен салыстырғанда жалпы сырқаттану деңгейінде төмендеу қарқыны бар.

Негізгі көрсеткіштер

2017 жылдың 12 айында аудан бойынша 1875 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 25.5 промилльді құрады (2016 жылы 25.1). Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 0.4 промилльге жоғарылаған.

Өлім жітім көрсеткіші

2017 жылы аудан бойынша 370 өлім жағдайы тіркелді көрсеткіші 5.0 (2016 жылы 352/4.7) және өткен жылмен салыстырғанда өлім-жітім 0.3 промилге жоғарылаған. Қайтыс болғандарды АХАЖ бөлімінің есебімен салыстырғанда 396. Оның себебі 26 адамның 13-і аудандық аурухананың 2016 жылғы есебіне қосылса, 6 адам туыстарының қажеттілігіне орай қайта куәлік берілген, 7 адам тұрғылықты мекен-жайы басқа қалада болуына байланысты артып отыр. Қайтыс болғандардың ішінде еңбекке жарамды жастағылары 107/28.9% (2016 жылы 118/33.5%), ауруханада қайтыс болғаны 45/0.6 (2016 жылы 56/0.7), үйде қайтыс болғандар 271/3.6 (2016 жылы 238/3.2), басқа да жерде қайтыс болғандар 54/0.7 (2016 жылы 58/0.7) көрсеткішті құрап отыр. 2017 жылы табиғи өсім көрсеткіші 20,0 промилді құрады (2016 жылы 20.3).

Қайтыс болғандарды жас ерекшелігіне қарай талдау жасайтын болсақ: 0-14 жас аралығында 23 немесе 6.2 пайыз, 15-17 жас аралығында 5/1.3, 18-63 жас аралығында 113/30.5 пайыз, 63 жастан жоғары 229 немесе 61.8 пайызды құрады. Өлім-жітім көрсеткішін тұрғылықты халық санына шаққанда аудан деңгейінен жоғары болып отырған аймақтар: Байкенже 10/8.2, Бірлік 33/7.5, Қырқеңсе 13/7.2, Талап 21/7.0, Сунақата 20/6.2, Төменарық 25/5.5.

Қайтыс болғандардың ішінде

I-ші орында жүрек қан-тамыр аурулары 81/110.2, (2016 жыл 92/124.1), оның ішінде еңбекке жарамдысы 22, үйде қайтыс болғаны 49, ауруханада 25, басқа жақта 7;

II-ші орында басқа да себептерден қайтыс болғандар 74/100.7 (2016 ж 62/83.6);

III-ші орында тыныс алу жүйесі ауруларынан 57/77.5 (2016 жылы 57/76.9);

IV-ші орында қатерлі ісік ауруларынан 41/55.8 (2016 жылы 46/62.0);

«Жіті миокард инфарктісі мен ми қанайналым жіті бұзылыстары кезіндегі медициналық көмек көрсетудің біріктірілген үлгісін енгізу жөніндегі Жол картасына сәйкес Жіті миокард инфарктісі бойынша 2017 жылы аудан көлемінде жедел коронарлық синдромымен барлығы 27 (2016 жылы 34) науқас, оның ішінде еңбекке жарамды жастағылары 14 (2016 ж 15), ST сегментінің биіктеуінсіз 22 (2016 жылы 21), ST сегментінің биіктеуімен 5 (2016 ж 13), қайтыс болғандар саны 1, (оның ішінде ОМЦ стационарда 1). Тромболизистік терапия ауруханаға дейінгі этапта 1, аурухана деңгейінде жасалынғаны 4. ЖКС тіркелген науқастардың барлығы облыстық медициналық орталыққа ауыстырылды. Жыл көлемінде тіркелген науқастар аймақтық дәрігер мен кардиологтың диспансерлік есебіне алынып, емдеу-сауықтыру шаралары жүргізілді. ХМЭКГ бойынша жоспарланған 150 науқастың 144, яғни 96,0 пайызы тексеруден өткізілді. Тексеру барысында 35 науқас анықталып, барлығына ота жасалынды. Сондай-ақ тредмил тест бойынша жоспарланғаны 150 науқас, тексеруден өткізілгені 102, анықталған науқас саны 4. Жол картасына сәйкес жедел миокард инфаркт кезінде көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсарту мақсатында expertтік кеңес хаттамасына сай ішкі алгоритмдер енгізілді, сондай-ақ осы санаттағы науқастарды ерте анықтау мақсатында функциональды кардиологтың бөлмесі Холтер ЭКГ, тәулік бойында науқастың артериалды қысымын өлшейтін СМАД, жоғары сезімталдығы бар тропонинді анықтайтын аппарат, 12 каналдық ЭКГ аппараты, ЭХО-энцефалограф, тредмил тест аппараттарымен жабдықталып, науқастар

терапия бөлімшесінен ашылған кардиологиялық 5 төсекке жоспарлы түрде реабилитациялық ем алуда.

«Жедел ми қан айналымы бұзылуы» кезіндегі медициналық көмекті жақсарту жұмыстары бойынша 2017 жылдың 12 айында тіркелгендер саны 121 (2016 ж 113), оның ішінде ишемиялық түрімен 85 (2016 ж 89), геморрагиялық түрімен 36 (2016 ж 24), облыстық медицина орталығына ауыстырылғаны 58, қайтыс болғандар саны 29, стационарда 23, үйде 2, басқа облыста 4. УЗДГ бойынша жылдық жоспар 610, тексеруден өткізілген науқас саны 459/75.2 пайыз болса, анықталғаны 7, оның ішінде ота жасалғаны 3, ангиохирургтің кеңесін алған 4 науқасқа консервативтік ем тағайындалды. Қазіргі таңда аудандық ауруханадан неврологиялық науқастарға арналған 10 төсек және 4 төсектік реабилитация жұмыс жасауда. Бұл бағытта да мамандар білімі жетілдірілді.

Онкологиялық ауруларды бақылаудың біріктірілген үлгісін енгізу жөніндегі Жол картасы бойынша 2017 жылы 82/97.8 (2016 ж 95/115.2) науқас тіркелді. Өткен жылы қатерлі ісік ауруынан қайтыс болғандар саны 46/54.9 (2016 ж 46/ 55.4) облыс 70.5. 2016 жылы 50/52.5 пайыз науқас ерте сатысында анықталған болса, 2017 жылы 48 науқас немесе 58.5 пайыз ерте сатысында анықталды, облыстық көрсеткіш 58.3. Кеш сатысында анықталған науқас 3/3.7 (2016 жылы 5/5.3) облыс 5.6. Осы уақытқа дейін есепке алынған жалпы 320 науқас бойынша 5 жылдық өмір сүру көрсеткіші 47.1 (2016 жылы 310/43.8) облыс 50.5. Қазіргі таңда ҚРДСМ 2013 жылғы 2 тамыз №452 «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру» бұйрығына сәйкес ерлер және әйелдер көру бөлмелері дәрігерлермен қамтамасыз етіліп жұмыс жасауда. Сондай-ақ аудандық аурухананың хирургия бөлімінен қатерлі ісік ауруымен ауыратын науқастарға паллиативтік көмек көрсету мақсатында 5 төсек орны жұмыс жасауда. Сүт безі қатерлі ісігін ерте анықтау және алдын алу мақсатында ауданда 2014 жылдан бастап маммология кабинеті жұмыс жасауда.

«Жарақаттану кезіндегі медициналық көмек көрсетудің біріктірілген үлгісін енгізу жөніндегі Жол картасы» бойынша аудан орталығынан шалғай жатқан елдімекендердегі 5 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге және жол апаты салдарынан зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмекті мерзімінде көрсету мақсатында Бесарық, Түгіскен, Төменарық дәрігерлік амбулаторияларынан жедел жәрдем бригадалары жасақталып, қазіргі таңда жұмыс жасауда. 2017 жылы аудан көлемінде тіркелген жарақат саны 526 (жоспарлы 189, жедел 337), ауруханаға жатқызылғаны 512, жоспарлы ота жасалғаны 26, жедел түрде жасалғаны 158, травматологиялық бекетте көмек көрсетілгені 1168, жарақат салдарынан қайтыс болғандар (АХАЖ бөлімімен сәйкестендіріліп алғанда) 15/20.4 (2016 жылы 21/28.3), еңбекке жарамды жастағылары 13. 2017 жылы 43 жол көлік оқиғасы тіркеліп, жарақат алғандар саны 67, оның ішінде ересектер 63, балалар 4, апат орнында қайтыс болғандар саны 2.

Туберкулезбен аурушандық бойынша 2017 жылы сырқатшылдық 73/89.2 (2016 жылы 79/96.6), аурушандық 42/51.3 (2016 жылы 43/52.5). Оның ішінде өкпелік туберкулез 36/85.7%, өкпеден тыс туберкулез 6/14.2%. 2017 жылы жаңа жағдаймен тіркелген 42 науқастың 11/26.1 пайызы жұқпалы түрімен анықталды.

Ағымдағы жылы асқынған туберкулез жағдайы мен қайтыс болған науқастар тіркелген жоқ.

2017 жылдың 12 айында аудан көлемінде балалар мен жасөспірімдер туберкулез аурушандылығын төмендету мақсатында жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде 0-17 жас аралығындағы аурушандық көрсеткіші 10.1 ден 6.7 ге төмендеді. Балалар арасынан туберкулез ауруы соңғы 2 жыл қатарынан тіркелген жоқ. Жасөспірімдер арасынан 2 науқас тіркелді. Жасөспірімдердің туберкулезбен аурушандық көрсеткіші әр 100 000 тұрғынға шаққанда өткен жылғы 3/73.9дан 2/49.2 ге төмендеді, төмендеу қарқыны 33.4 пайыз. **2017 жылдың 12 айында анықталған науқастардың табу** жолы бойынша жіктесек: флюоропрофилактикалық тексеру кезінде анықталғаны 27/64.2% (2016 ж 34/79.0), бакскопиялық тексерумен 11/26.1% (2016 ж 5/11.6), клиникалық жолмен табылғаны 4/9.3 % (2016 ж 4/9.3). Биыл өткен жылға қарағанда туберкулездің жаңа жағдайын проф-тексеруден табу көрсеткіші төмендеген.

«Ана мен бала денсаулығын қорғау қызметінің біріктірілген үлгісін енгізу және жұмысының тиімділігін көтеру жөніндегі Жол картасы» бойынша 2016 жылдың 1-ші шілдесінен бастап аудандық аурухананың перзентхана бөлімі перинатальды көмекті өңірлендірудің II-ші деңгейінде жұмыс жасауда. ОДСБ-ның бұйрығы негізінде емханада арнайы жүкті әйелдерге арналған «Жасыл дәліз» және «Отбасын жоспарлау бөлмесі» ашылды. Осы отбасын жоспарлау бөлмесі арқылы 2017 жылы 5508 әйелге кеңестер беріліп, 317 әйел контрацепциямен қамтылды.

Аудан бойынша әйелдер саны 35531, оның ішінде ұрпақты болу жасындағылары 15802/ 44.4%, сондай-ақ жүктілікпен есепке алынған әйелдер саны 1990, оның 12 аптаға дейін есепке тұрғандары 1697/85.2%, 12 аптаға дейін терапевтпен қаралғандары 1409/75.3 пайыз. Жүкті әйелдер арасында тіркелген экстрагениталды аурулар 2017 жылы 2026/108.0% (2016 жылы 2156/115.6%). Экстрагенитальды аурулардың ішінде ең жиі кездесетіндері анемия 1046/51.6% (2016 жылы 1213/57.0).

2017 жылы аудан бойынша 1875 босану болды. Оның 1841 облыс көлемінде болса, 34 әйел облыс көлемінен тыс жерде босанды. **Мерзімінен бұрын босану** 2017 жылдың 12 айында 75/4.0% (2016 жылы 83/4.3 %), кесар тілігі 2017 жылы аудан бойынша 212/11.3% (2016 жылы 194/10.0%), оның ішінде аудандық ауруханада жасалғаны 82/38.6%. Босанғаннан кейінгі және отадан кейінгі гистерэктомия 2017 жылы 10/0.5% (2016 жылы 3/0.1%).

Жүктіліктің асқынуы бойынша **ауыр дәрежелі преэклампсия** 53/2.8 % (2016 жылы 55/2.8%), аудан бойынша эклампсия соңғы 3 жылдың көлемінде тіркелген жоқ. **Перинаталды өлім көрсеткіші 20/10,6‰** (2016 жылы 18/9.3‰). Ерте неонаталды өлім 3/1.6‰ (2016 жылы 2/1.0), өлі туылу 17/9.0‰ (2016 жылы 16/8.3). Былтырғы жылмен салыстырғанда перинатальды өлім көрсеткіші 1.3 промилльге жоғарылаған.

ҚР ДСМ-нің 03.07.2012 жылғы № 452 «Жүкті әйелдерге, жаңа босанған және туу жасындағы әйелдерге көрсетілетін медициналық көмек көрсету шараларын жетілдіру» бұйрығының орындалуы:

Жүктілікке абсолютті қарсы көрсеткіші бар 283 әйелдердің жүктілікпен тіркелгені 13, босанғаны 10, жүктілікті үзгені 1. Бүгінгі таңға 2 әйел жүктілікпен есепте тұр. 2017 жылдың 12 айында жоспарға сәйкес 15802 туу жасындағы әйелдің

14659 немесе 92.7 пайызы профилактикалық тексеруден өткізілді. Тексеру барысында анықталған экстрагенитальды ауру саны 8392/53.1%, оның ішінде анемиямен 3719, тыныс алу жүйесінің аурулары 312, жүрек қан-тамыр ауруларымен 319, несеп-зәр шығару жүйесі аурулары 728, ас қорыту жүйесі бойынша 765. Ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдердің ішінде мүгедектікпен есепте тұрғандар саны 279/1.7%. оның ішінде I топ 28, II топ 123, III топ 128. Сондай-ақ туу жасындағы әйелдердің динамикалық бақылау топтарындағы баса назар аударатын 2В, яғни жүктілікке абсолютті қарама-қайшылығы бар 283 әйелдің ішінде тұрмыс құрмаған қыздар 84 болса, қалған 186 әйелдің 179-на яғни 96.2 пайызы контрацепциямен қамтылды. Ал, 5-әлеуметтік топтағы 1078 әйелдің 742 немесе 68.8 пайызы контрацепциямен қамтылды. Осы екі динамикалық топтағы туу жасындағы әйелдермен психолог және әлеуметтік қызметкерлер жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар ұрпақты болу жасындағы әйелдердің 9076-сы немесе 57.4 пайызы сауықтырылып, оның ішінде күндізгі стационарда емделгендер 1192, тәуліктік стационарда 3200 әйел жатып ем алған.

Жыл көлемінде симптомсыз бактериурияға 1990 жүкті әйелдің 1709-ы немесе 98.2 пайызы тексеріліп, 377 бактериурия анықталды. Оң мәнді бергендердің барлығына санация жасалып, емдеу сауықтыру жұмыстары жүргізілді. ОДСБ-ның 06.06.2016 жылғы №645 бұйрығына сәйкес жүкті әйелдерді есепке алу кезінде және жүктіліктің 30 аптасында ЭКГ-ге түсіру жұмысы тұрақты жүргізілді. Жүкті әйелдерге жүргізілетін антенаталды күтімге сәйкес 2017 жылы ауданда 1 акушер-гинеколог пен 5 жалпы тәжірибелі дәрігер және 20 орта буынды медицина қызметкерлері білімдерін жетілдірді.

Скрининг бағдарламасы.

«Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеру, жүргізу ережесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2009 жылғы 10 қарашадағы № 685 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 995 бұйрығына сәйкес 2017 жылы 398 жүрек қан-тамыр аурулары, 63 қант диабеті, 17 глаукома, 71 жатыр мойны қатерлі ісік алды аурулары, 2 сүт безінің қатерлі ісігі мен 228 ісік алды аурулары, 46 өңеш және асқазан қатерлі ісік алды аурулары анықталды. Скринингтік тексеру кезінде анықталған аурулар диспансерлік есепке алынып, емдеу-сауықтыру жұмыстары жүргізілуде. ҚР ДСМ-нің 2011 жылғы 4 қарашадағы №786 бұйрығына сәйкес аудан бойынша әлеуметтік маңызы бар аурумен сырқаттанған науқастар тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуде.

Денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржыны тиімді пайдалану мақсатында аудандағы емдеу ұйымдарының төсек қоры онтайландырылып, 2017 жылы Жаңақорған ауданы бойынша жалпы төсек қоры 200-ді құрады. Профильдері ұқсас бөлімшелердің төсектері біріктірілді, атап айтқанда гинекологияның төсек қоры хирургия бөлімінің құрамына және патология төсек қоры перзентхана бөлімінің құрамына ауыстырылды. Хирургия бөлімінің төсек қоры есебінен 5 төсек онкологиялық науқастарға паллиативтік көмек көрсетуге және 2 төсек оториноларингологиялық науқастарға арналып ашылды.

Тұрғындардың төсек-орынмен қамтамасыз етілуі 10 мың тұрғынға шаққанда 24.0 (2016 жылы 24.2). Науқасты жатқызу жоспары 8000 болса, 2017 жылы жатқызылған науқас саны 8733 (2016 жылы 8080), өткен жылмен салыстырғанда 653 науқасқа артқан. Аурухана бойынша жалпы орташа жату күні 7.3 (2016 ж –

7.3), төсектің орындалу пайызы 102.6% (2016 ж 94.6%), төсек айналымы 43.7 (2016 ж 40.4), төсек жұмысы 318.2 (2016 ж 293.2).

2017 жылы стационар бойынша стационарлық науқастарды электронды тіркеу бағдарламасының есебіне сәйкес негізсіз жатқызылған науқастар саны 31 немесе жалпы жатқызылған науқастардың 0.3 пайызын құрады. Негізсіз жатқызылған науқастар бойынша анықталған кемшіліктер: стационарлық медициналық карталарының емдеу, клиникалық диагностика хаттамаларына сай жүргізілмеуі, амбулаторлық және күндізгі стационарда ем алуы тиіс науқастар ауруханаға жатқызылған. Жыл көлемінде қайтыс болған және негізсіз жатқызылған науқастар бойынша барлық жағдайлар сараланып, талдау жиындары өткізілді.

Аудандық орталық аурухананың күндізгі стационар бөлімі 110 төсекке арналған, оның 5 төсегі туберкулезге қарсы диспансер бөліміне ықшамдалған. Күндізгі стационар бойынша жылдық жоспар 3650 болса, 2017 жылы ем алып шыққан науқас саны 3254/89 пайыз (2016 ж 3650/3326/91.1). Барлық емделіп шыққан науқастар ішінде ересектері 1483 (2016 жылы 1534), балалар мен жасөспірімдер 579 (2016 ж 605), ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдер саны 1192 (2016 жылы 1187).

Мүгедектер бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталар болсақ, 2017 жылы жалпы мүгедектікпен есепке алынғандар саны 779 (2016 ж 797). Оның ішінде ересектері 577/74.0, балалар 202/26.0. Мүгедектікке алғаш рет шыққандар 139 (2016 ж 126). Ересектер бойынша алғаш рет мүгедектікке шыққан 139 азаматтың I топтағысы 14, II топтағысы 69, III топтағысы 56. Мүгедектікке шыққандарды нозология бойынша талдасақ, қан айналым жүйесі ауруларынан 30/21.5, қатерлі ісік аурулары бойынша 25/17.9, көз аурулары бойынша 19/13.6, жарақат салдарынан 19/13.6 пайыз. Мүгедектікке шыққан науқастардың барлығымен жұмыстар жүргізіліп, қажеттілігіне қарай республикалық, облыстық және аудандық емдеу-сауықтыру мекемелерінде тиісті көмектер көрсетілді.

Емдеу және алдын алу ұйымдарындағы арыз-шағымдар бойынша жүргізілген сараптамалық жұмыстарды айтар болсақ, 2017 жылы тұрғындар тарапынан барлығы 10 арыз-шағым мен 7 өтініш келіп түскен. 10 арыз-шағымның ішінде негізделгені жоқ, жартылай негізделген 1, 9-ы негізсіз деп танылған. Арыз-шағымдардың 7-і емдеу және алдын алу ұйымдары көрсеткен қызметтерге көңілдері толмайтындығы және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде берілетін тегін дәрі-дәрмектердің қамтамасыз етілмеуі жайлы болса, 1-і жағдайының жақсаруына байланысты тағайындалған мүгедектіктің алынып тасталуына шағымданса, 1-і әлеуметтік көмек сұрап және 1-і стационарлық көмек сұрап шағымданған. Сондай-ақ келіп түскен 7 өтінішті талдайтын болсақ, оның 1-і әлеуметтік жағдайының төмен болуына байланысты көмек сұрап денсаулық министріне жазылса, 1-і аудандық аурухананың тері-жіңішке ауруларды емдейтін бөлімнің көрсеткен медициналық көмегіне көңілі толмауына байланысты аудандық прокуратураға және 5 өтініш аудан әкімдігінен әлеуметтік тұрғыда қаржылай көмек сұрап жазылған. Барлық арыз-шағымдар бойынша мерзімінде талдау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 5 медицина қызметкеріне әкімшілік шара көрілді, оның ішінде жартылай негізделген арыз бойынша Фармация комитетінен 100 мрп көлемінде бір дәрігерге айыппұл салынды.

III Стратегиялық жоспар іс-шаралары:

№	Іс шараның атауы	Жауапты орындаушы	Орындалу мерзімі	Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары
1	Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығының деңгейін ОДСБ бекіткен межеге жеткізу	Бас дәрігердің орынбасарлары, Скринингке жауапты дәрігер бас мамандар, бөлім меңгерушілері	Үнемі	015,011, 038 ,039
2	Халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткішін ОДСБ нақтылаған көрсеткіш деңгейіне дейін төмендету	Бас дәрігердің орынбасарлары,бөлім меңгерушілері,барлық дәрігерлер,барлық орта буынды медициналық қызметкерлер	Үнемі	015,011, 038 ,039
3	Қан айналымы жүйесінің ауруларынан (ҚЖА) болатын өлім-жітімді төмендету	Бас дәрігердің орынбасарлары,бөлім меңгерушілері,барлық дәрігерлер,барлық орта буынды медициналық қызметкерлер	Үнемі	015,011, 038 ,039
4	Қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімді төмендету	Бас дәрігердің орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, барлық дәрігерлер, барлық орта буынды медициналық қызметкерлер	Үнемі	015,011, 038 ,039
5	Қатерлі ісіктер бар науқастардың 5 жыл өмір сүруіне қол жеткізу	Бас дәрігердің орынбасарлары,бөлім меңгерушілері,барлық дәрігерлер,барлық орта буынды медициналық қызметкерлер	Үнемі	015,011, 038 ,039

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

«Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеру, жүргізу ережесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2009 жылғы 10 қарашадағы № 685 бұйрығына

өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 995 бұйрығына сәйкес БМСК деңгейінде скринингтік тексерумен алдын алу көмегін жетілдіру: жүрек қан тамыр жүйесінің ауруы, қант диабеті, глаукома, сүт безі, жатыр мойыны, тоқ және тік ішек, бауыр, қуық асты безі және өңештің қатерлі ісігінің алдын алу үшін мақсатты топтағы ересектерді алдын ала тексеруден өтуін сапалы жүргізу және атқарылған жұмыс сапасына талдау жасау.

- ҚР ДСМ-нің 29.08.2017ж № 666 бұйрық тізбесіне сәйкес диспансерлік есепте тұратын және дәрілік препараттарды қажет ететін науқастардың тізімін жасақтап, сол тізімге сәйкес тегін дәрімен қамтамасыз ету

-65жас және одан жоғары жастағы тұрғындардың арасында онкологиялық ауруларды анықтау мақсатында жүргізілетін скринингтік тексеруді сапалы жүргізу.

- ҚР ДСМ №540 12.08.2011 ж «ҚР халқына онкологиялық көмекті одан әрі жетілдіру» бұйрығының орындалуын талқылау.

Қатерлі ісік ауруларының тіркелуі, ерте сатыда анықталуы, асқынған түрлерінің алдын алу іс-шараларының орындалуын талдау.

-Скринингтік бағдарламаның сапасын жақсарту мақсатында барлық мамандарды онкопатологияны ерте сатысында анықтау сұрақтары бойынша оқыту.

-Әйелдерді және ерлерді қарау бөлмелерінің жұмысын жақсарту жұмысын жалғастыру.

6	Ана өлімін болдырмау	Бас дәрігердің орынбасарлары,бөлім меңгерушілері,барлық дәрігерлер,барлық орта буынды медициналық қызметкерлер	Үнемі	015,011, 038,039
---	----------------------	--	-------	------------------

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

-ҚР ДСМ 2010 жылғы 28 мамырдағы № 389 «Жүкті, босанатын, босанған әйелдердің ауыр жағдайларының мониторингі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» және 03.07.2012 жылғы № 452 «Жүкті, босанушы және ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерге медициналық көмек көрсетуді жетілдіру шаралары туралы» бұйрықтарын орындау. Орындалу жұмыстарына талдау жасау.

-Қазақстан Республикасында жүктілікті жасанды үзуді жүргізуді ұйымдастыру туралы ҚРДСМ м.а 30.10.2009 ж № 626 бұйрығына сәйкес экстрагенитальды науқасы бар жүкті әйелдерді уақытылы анықтау,емдеу орындарына жіберу

- Жүкті әйелдерді босануға дайындауға алғашқы медициналық санитарлық көмек деңгейінде «Болашақ аналар мектебінде» оқыту.

-2 В топтағы әйелдерді 100 пайыз контрацепциямен қамтамасыз ету.

7	Сәби өлімі көрсеткішін ОДСБ бекіткен межеге жеткізу	Бас дәрігердің орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, барлық дәрігерлер, барлық орта буынды медициналық қызметкерлер	Үнемі	015,011, 038,039
---	---	---	-------	------------------

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- ҚР ДСМ -ң 19.03.2012 жылғы № 183 "Қазақстан Республикасында пренаталдық скрининг ұйымдастыру бойынша "Жол картасын" бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жоспар жасалынып, жоспар бойынша жұмыс жасау.
- БМСК деңгейінде жұмыс атқаратын барлық медициналық қызметкерлерді оқыту арқылы БШАБІЕ бағдарламасы бойынша жұмысты күшейту.
- Аула аралау жұмыстарын күшейту,қадағалау.
- Туу жасындағы әйелдердің отбасын жоспарлау кабинетінен өтуіне ықпал ету.
- ЭГА бар туу жасындағы әйелдерді сауықтыру.
- Регионализация принципі бойынша босанатын жүкті әйелдерді іріктеп,жоспар құру.
- 1 жасқа дейінгі сәбилерді тұрақты динамикалық бақылауда ұстау.

8	Жарақаттардан, оқыс оқиғалардан және уланулардан болатын өлім-жітімді төмендету	Бас дәрігердің орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, барлық дәрігерлер, барлық орта буынды медициналық қызметкерлер,жедел жәрдем қызметкерлері.	Үнемі	011,015
----------	---	---	-------	---------

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- Тұрғындардың арасында жарақаттанудың алдын алу шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
- Реанимобиль Батыс- Европа Батыс-Қытай тас жолындағы Жол көлік апаты кезінде науқастарды тасымалдауға арналған-2016 жыл .
- Хоффман аппаратын алу-2016 жыл
- Травматологиялық оталар жасауға арналған құралдар алу-2016 жыл
- Күштеме құралдарын алу-2016 жыл

9	15-17 жас балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын болдырмау	Бас дәрігердің орынбасарлары, ЖТД, Психолог, психиатр дәрігерлері	Үнемі	Қаржыны қажет етпейді
----------	--	---	-------	-----------------------

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- Жасөспірімдерді профилактикалық тексеру кезінде психологиялық бақылау.
- Қауіп тобындағы жасөспірімдермен ЖТД, психологтарды, психиатр дәрігерінің бақылауында болып, сауықтыру.

10	Туберкулезбен сырқаттануды төмендету	Бас дәрігердің орынбасарлары, ЖТД	Үнемі	009
11	Туберкулезден болатын өлімді төмендету	Бас дәрігердің орынбасарлары, ЖТД	Үнемі	009

Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

- 22.08.2014 жылғы № 19 «Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»

бұйрықтың орындалуын және туберкулездің асқынған сатысында тіркелген ауруларға талдау. -ФГ жоспардың толық және сапалы орындалуын қадағалау. -2 жыл және одан да көп жыл ФГ түспеген науқастардың тексерілуден өтуін қамтамасыз ету				
12	Дәрігерлер мен орта буынды медициналық қызметкерлерді үздіксіз қосымша кәсіби біліммен қамтамасыз ете отырып олардың жұмысын бағалау жолымен-кадрлық ресурстарды жетілдіру.	Бас дәрігер, кадр бөлімі		036,010,005
Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: -Жоспарға сәйкес дәрігерлер мен орта буынды медициналық қызметкерлердің білімін жетілдіру.				
13	Мекеме ішілік ішкі бақылауды күшейту жолымен, ішкі аудит жұмысын жетілдіру. (самоконтроль).	Бас дәрігердің пациентті қолдау және ішкі бақылау жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері бардық дәрігерлер.		
Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: -Қауіпсіздікті басқаруды реттеу, қызметкерлер мен науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. -Барлық дәрігерлер өзін өзі бақылауды жүргізу. -Медициналық қызметтің сапасы бойынша түскен арыздарды мониторингілеу. Медициналық қызметтің сапасын жақсарту.				
14	Стационар құрамындағы күндізгі емхана қызметіне жатқызу арқылы тәуліктік стационарға жатқызуды 5 % дан кем емес төмендету.	Барлық дәрігерлер		
Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: -Науқастарды амбулаториялық деңгейде сауықтыруды күшейту. -Күндізгі емханаға емдеу жағдайларын арттыру. -Күндізгі емдеу төсектерін жыл сайын 10 пайызға арттыруға жұмыс жасау. -Тәуліктік стационарлық төсектің оптимальды құрылымын анықтау (қысқарту				

және перепрофилизация).				
15	Мүмкін болатын мотивациялау және үстемдеу шараларын қолданысқа енгізу:	Бас дәрігер, Бюджеттік жоспарлау бөлімі		
Тікелей нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шаралар: - Ресурстарды үнемдеу есебінен шығындарды азайту. - Қызметкерлердің жалақысын дифференцирленген айлық есебінен жоғарылату.				

IV Мекеменің функциялық мүмкіндіктері

Стратегиялық бағыттың атауы	Мекеменің стратегиялық жоспарды орындаудағы атқарылатын іс шаралары	Орындау мерзімі
1. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім деңгейін төмендету 1.1-мақсаты. Аурулардың профилактикасы, емдеудің және оңалтудың тиімді жүйесі; 1.1.1-міндет Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру әдістемелерін жетілдіру; 1.1.2-міндет. Негізгі әлеуметтік мәні бар ауруларды және жарақаттардың диагностикасын, емдеуді және оңалтуды жетілдіру; 1.1.3-міндет. Инфекциялық сырқаттанушылықтың өсуіне жол бермеу 1.2.-мақсат. Ана мен баланы қорғау қызметін жетілдіру 1.2.1-міндет. Ана мен бала денсаулығын нығайту	Денсаулық сақтау саласында қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру	Тұрақты негізде
	Халықтың инфекциялық, паразиттік және кәсіби ауруларының, оның ішінде аса қауіпті инфекциялардың пайда болуын, таралуын және оны төмендетудің профилактикасы, инфекциялық және аса қауіпті аурулардың әкеленуінен және таралуынан шекараны қорғау	
	Денсаулық сақтау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттары шеңберінде профилактикалау, диагностикалау, емдеу, оңалту әдістерін және құралдарын әзірлеу және жетілдіру	
	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының кәсіби деңгейін арттыру, олардың кәсіби деңгейлерін практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес тереңдету	
2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру 2.1.-мақсат Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру 2.1.1-міндет. Денсаулық	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық органдары ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің материалдық-	Тұрақты негізде

сақтау ұйымдарын басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру 2.2-мақсаты. Білім, ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу 2.2.1-міндет. Ғылым және кадр ресурстарын дамыту	техникалық базасын нығайту	
	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	
	Орталық аппарат және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерін денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық жоспарлау және талдау қағидаттарына оқыту	
	Қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімін және дағдыларын жаңарту және тереңдету	
	Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтердің стандарттарын және регламенттерін әзірлеу, медициналық қызметті электрондық форматқа көшіру	Тұрақты негізде

V Ведомствоаралық өзара іс-қимылдар

Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттердің көрсеткіштері	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды орнату үшін мемлекеттік орган жүзеге асыратын шаралар
1	2	3
1-стратегиялық бағыт. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім жітім көрсеткіштерін төмендету.		
1.1-мақсат. Саламатты өмір салты және мінез-құлық факторларымен себептес әлеуметтік мәні бар аурулардың деңгейін төмендету мәселелері бойынша сектораралық өзара іс-қимыл		
1.1.1-міндет		
Жастар денсаулығы орталығын құру арқылы халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды	АЕҚБ Жаңақорған АОО, Спорт бөлімі, Салауатты өмір	ОДСБ бекіткен жоспар

насихаттауды жоғарылату.		салтын қалыптастыру орталығы	
Спортты және саламатты өмір салтын насихаттау бойынша әлеуметтік бейнероликтерді жасау		АЕҚБ Жаңақорған АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
Спорттың көпшілікке арналған түрлері бойынша жыл сайынғы салалық спартакиадаларды ұйымдастыру және жүргізу		АЕҚБ Жаңақорған АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
Белсенді өмір салтын жүргізуге, бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне тұрғындарды уәждеу және ақпараттануын арттыру, тұрғындар арасында СӨСҚ негіздерін насихаттауды жетілдіру		АЕҚБ Жаңақорған АОА, Спорт бөлімі, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
Мінез құлық факторларын төмендету		АЕҚБ Жаңақорған АОА, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	
-Темекі шегу			
-Алкогольді ішімдіктерді ішу			
-Артық салмақ			
1.2-мақсат. Әлеуметтік маңызы бар аурулар мен жарақаттарды диагностикалау мен емдеуін жетілдіру			
1.2.1-міндет			
Қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім жітімді төмендету	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА, Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы	Қан айналым жүйесі бойынша жүргізілетін скринингтік тексерудің сапасын арттыру,қауіп қатер тобын анықтап алдын алу шараларын жүргізуді күшейту.Үйлестіру кеңесін құру	
Онкологиялық аурулардан болатын өлім жітімді төмендету.	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА	Онкологиялық ауруларды ерте сатысында анықтап сауықтыру,скринингтік тексерудің сапасын арттыру. Үйлестіру кеңесін құру	
Туберкулезден болатын өлім жітімді	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА,		

төмендету.	Аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері, Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Туберкулездің сүйемелдеу кезеңінде жүрген науқастарға қаржы бөліп әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету. 2 жыл және одан да көп жыл ФГ тексеруден өтпегендерді ФГ тексеруден өту пайызын жоғарылату. Туберкулез науқасымен қарым-қатынаста болған адамдарды тексеруден уақытылы өткізіп, қадағалауды күшейту.
Туберкулез аурушандығын азайту	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОО, Аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері, Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
Жарақаттар мен оқыс оқиғалардан қайтыс болу жағдайларын төмендету.	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОО, Аудандық ішкі істер бөлімі	Жол көлік инспекциясымен бірге жолкөлік оқиғаларының салдарынан болатын жарақаттардың алдын алу шараларын жүргізу. Жарақаттан соң реабилитациялық көмекті жетілдіру арқылы инвалидизацияны төмендету.
1.3-мақсат. Инфекциялық аурулардың өсуін болдырмау		
1.3.1-міндет		
ВИЧ инфекцияның 15-49 жас шамасы аралығындағы таралуын 0,008 деңгейде ұстау	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОО, СПИД орталығы	Вирусты ерте анықтауға арналған іс шараларды күшейту.
1.4-мақсат. Ана мен баланы қорғау қызметінің жетілдіру		
1.4.1-міндет. Ана мен бала денсаулығын нығайту		
Ана өлімін болдырмау	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОО, Аудан әкімшілігі	Аудан әкімшілігімен бірлесе отырып үйлестіру кеңесін құру
Сәби өлімін төмендету	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОО, Аудан әкімшілігі	

1.5-мақсат. Денсаулық сақтау жүйесінің эффективтілігін жоғарылату		
1.5.1-міндет. Мекеменің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату		
1.5.1.1 Мекемені басқару мен қаржыландыруды дамыту		
Медициналық қызметтің сапасы бойынша негізді арыздардың көлемі	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА, Аудан әкімшілігі	Медициналық қызметтің сапасы бойынша түскен арыздарды мониторингілеу. Медициналық қызметтің сапасын жақсарту.
Медициналық мекеменің стандартқа сай жабдықталуы	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА, Аудан әкімшілігі	Медициналық мекеменің жабдықталуын мониторингілеу.
Стационарлық көмектің пайдалану деңгейі	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА, Аудан әкімшілігі	Стационарды алмастыратын көмекті дамыту. БМСК деңгейінде медициналық қызметтің сапасын арттыру.

1.6-мақсат. Кадрлық ресурс жүйесін дамыту		
1.6.1-міндет. Кадрлардың үздіксіз кәсіптік дамуын жетілдіру		
1.6.1.1 Үздіксіз кәсіби даярлау		
Қажетті кадрлермен қамтамасыз ету	ОДСБ, АЕҚБ Жаңақорған АОА, Аудан әкімшілігі	Елді мекендерде кадрлардың тұрақталуын қамтамасыз ету. Еңбек ақыны жаңа принцип арқылы төлеп үстемдеуді жетілдіру

VI Мүмкін болатын тәуекелдер

Медициналық мекеме бірқатар тәуекелдердің (мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін жағдайлар) пайда болуымен немесе Медициналық мекеменің тарапынан бақылауға жатпайтын, Стратегиялық жоспарға қол жеткізу мақсатына кедергі келтіретін сыртқы факторлармен кездесуі мүмкін.

Болуы ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар қабылданбаған жағдайда болуы ықтимал салдарлар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Сыртқы тәуекелдер		
Стратегиялық жоспардың индикаторларына қол жеткізу бойынша жергілікті органдардың жеткіліксіз жұмыс атқаруы	Стратегиялық жоспар индикаторларының мақсаттарына және міндет көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	Мекеменің жоспарларының негізгі индикаторларын міндетті көрсете отырып, денсаулық сақтау басқармасының стратегиялық

		жоспарларының жобаларымен келісу
Стратегиялық жоспардың индикаторларына қол жеткізу бойынша мемлекеттік органдардың жеткіліксіз жұмыс атқаруы	Стратегиялық жоспар индикаторларының мақсаттарына және міндет көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	Азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің рөлін күшейту
Инфекциялық аурулардың өршу қауіп-қатері	Инфекциялық аурулардың өршуі	Халықты қауіпсіз ауыз су, азық-түлік өнімдерімен, инфекциялық сырқаттанушылықты, басқарушылық шешімді қабылдай отырып, қоршаған ортаны санитариялық фонмен қамтамасыз ету үшін санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды күшейту. Халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу.
Техногендік және экологиялық апаттар (жұтаулар) салдарынан әр түрлі жарақаттардың және аурулардың (оның ішінде инфекциялық) жаппай дамуы	Халықтың әлеуметтік шиеленісін дамыту	Халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Төтенше жағдайлар кезінде уақтылы медициналық көмек көрсету
Ішкі тәуекелдер		
Медицина қызметкерлерінің жалақы деңгейінің төмен болуына байланысты медицина кадрларының кетуі	Білікті кадрлардың төмендеуі	Түпкілікті нәтижеге негізделген медицина қызметкерлерінің еңбекақысын төлеудің сараланған жүйесін одан әрі жетілдіру. Басқару әдістерін жетілдіру
Медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз деңгейі	Медициналық қызмет көрсетудің төмен сапасы	Денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын жетілдіру
Басқару шешімдерін қабылдауда медициналық ұйымның дербестігінің төмен болуы	Медициналық қызметтерді көрсетудің төмен сапасы Бюджеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуы	Корпоративтік басқару қағидаттарын енгізе отырып, Денсаулық сақтау менеджментіне оқыту

VII Нормативтік құқықтық актілер.

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года;
2. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» от 18 сентября 2009 года №193- IV;
3. Указ Президента Республики Казахстан от 13 сентября 2004 года №1438 «О Государственной программе реформирования и развития здравоохранения Республики Казахстан на 2005-2010 годы»;
4. Указ Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2005 года № 1677 «Об утверждении Стратегии гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы»;
5. Указ Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2007 года № 310 «О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года». (Программа Правительства Республики Казахстан на 2007-2009 годы);
6. Послание Президента страны народу Казахстана от 10 октября 1997 года «Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев»;
7. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 1 марта 2006 года «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии»;

ҰӘБ меңгерушісі:

Г.Абитаева